

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Еремия, көз жасын төккен адам



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


Еремия Яһуда патшалығында діншіл отбасында дүниеге келді. Оның әкесі Хелкия діни қызметкер болған. Отбасы Иерусалимге тақау жердегі Анатот деген қалада тұрды. Бәлкім Еремияның ата-анасы ол да діни қызметкер болады деп ойлаған шығар. Алайда Құдайдың жоспары басқа еді.





Еремия туған кезде, Құдайдың халқы Құдай Сөзіне сәйкес өмір сүрмеді. Түгелдей дерлік, қыл аяғы патшадан бастап ең қарапайым жұмысшыға дейін, тіпті Құдайдың киелі үйінде де жалған құдайларға табынды!

3




Еремия жас жігіт болған кезде, Құдай онымен сөйлесті. «Мен сені дүниеге келмей тұрғаныңда-ақ білгенмін, – деді Құдай Еремияға, – сол кезде сенің Мен үшін сөйлейтініңді жоспарлап қойғанмын».

4

Құдайдың шақыруы Еремияны қорқытқанға ұқсайды. «О, Жаратқан Ие Құдайым!» – деп ол дауыстап жіберді. – Мен сөйлей алмаймын, себебі мен әлі баламын». Ол баладан гөрі үлкен болатын, оның жасы жиырмада еді. Бірақ Еремия Құдайдың атынан

өзін қоршаған зұлымдыққа қарсы сөйлей алмайтынын ойлады.



5



«Қорықпа!» – деп Құдай Еремияны сендірді. – Мен сені жіберген жаққа бар. Менің саған айтқандарымның бәрін айт.

Мен сенімен біргемін, Мен сені құтқарып алам». Мұнан кейін Құдай ерекше бір нәрсе істеді. Құдай Еремияның аузына қолын тигізді.

6

Құдай Еремияға күш, батылдық және даналық берді. Ол адамдарға Құдайдың оларды сүйетінін және оларға көмектескісі келетінін естеріне салып батыл сөйледі. Бірақ оны ешкім тындамады. Тіпті патша да.



7

Тіпті діни қызметкерлер де ашуланып, одан Құдай туралы айтуды доғаруын сұрады. Еремия шындықты айтпайды деген жалған пайғамбарлар да болды.



8

Еремия халыққа шамамен жүз жыл бұрын солтүстік Израил патшалығы Құдайды тастап кеткенін естеріне салды. Олардың жаулары – асурлықтар оларды жаулап алып, израилдіктерді алыс жерлерге жер аударды.



9



Содан Яһудея халқы – оңтүстік патшалықта Құдайды тастап кетті. Жау әскері шабуылға дайын тұрған! Құдай Өзінің халқы жаулануына, оның қудалануға айдалып кетуіне жол берер ме екен?

10

Адамдар өздерінің жалған тәңір мүсіндеріне сенім артты. Пұттар оларды жаудан құтқара ала ма? Жоқ! Оларды тек Құдай ғана құтқара алады! Адамдар Еремияға қатты ашуланғандары соншалық, олар оны қастандықпен өлтіруге сөз байласты. Бірақ Құдай Өзінің қызметшісін қорғап қалды.



11

Ақырында Құдай Еремияны қатты абыржытқан бір нәрсе айтты. Құдай: «Бұл адамдар үшін мінәжат етпе. Олар Маған көмек сұрап жалбарынған кезде, Мен оларды естімеймін», – деді.



12

Еремия патшаға оның бабылдық әскерден жеңіліп қалатынын ескертті. Патша ашуланып, Еремияны зынданға тастатты. Тіпті түрмеде де Еремия уағыздап, Құдайға сенім артуды жалғастырды.



13

Түрмеден шыққан соң, Еремия патша мен халыққа олар Құдайға қайтып оралу керектігін айтып тағы уағыздады. Бұл жолы патша

Еремияны батпақты терең шұңқырға тастауды бұйырды.



14

Бірақ Құдай патшаның жүрегінде әрекет етті. Ол Еремияны құпия құтқарып алып, Құдайдың өзінен не қалайтынын сұрады. «Тұтқынға түс, сонда сен өмір сүресің дейді Құдай», –оның жауабы осы болды.



15

Бабыл әскері Иерусалим мен бүкіл Яһудеяны жаулап алды. Олар қабырғалар мен барлық ғимараттарды қиратып, бәрін өртеп жіберді. Құдай Өзінің халқы тұтқында жетпіс жыл болатынын, ал сосын оларды

Уәделі жерге қайтарып алып келетінін айтты.



16

Еремия, көз жасын төккен адам

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Еремия

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

17



28

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19